



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

Nazarbayev
Intellectual
Schools
Center
of Excellence
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

Қорыта келе, әр оқушы бірегей тұлғаны, әр оқушының дамуы үшін қолайлы ортаны құруы керек, оқыту мен тәрбиелеу баланың жеке дамуына ықпал етуі керек, ол үшін жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен психологиялық құзыреттілігі үлкен рөл атқарады. Үздіксіз оқыту және оны тәжірибемен біріктіру арқылы біз мақсатымызға жете аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Афонькина Ю.А, Усанова И. И., Филатова О. В.Технология комплексного. психолого-педагогического и социального сопровождения ребенка дошкольного возраста / Афонькина Ю.А, Усанова И. И., Филатова О. В.// методические разработки для специалистов дошкольного образования. – Волгоград:Учитель, 2010. – 67 с. .
2. Абилкасимова, Гульзам. Мүмкіндігішектеулібалалардыңпсихологиялық-педагогикалықсүйемелдеу / ГульзамАбилкасимова, Д. С. Туткушева. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2022. – № 14 (409). – С. 342-344.
3. Бондаренко И. М., Ковешникова А. М.Составление индивидуальной образовательной программы психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья./ Бондаренко И. М., Ковешникова А. М.// методические рекомендации. – Вологда: «Центр информатизации и оценки качества образования»,2012. – 67 с. .
- 4.Мұғалімге арналған нұсқаулық./ ҚР ЖББМ педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. . – Астана: «Назарбаев Зияткерлік Мектебі» ДББҰ, 2013.

УДК 711.7

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Тусупбекова Алтынай Бауыржановна
7М01524 мамандығының 1 курс магистранты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
e-mail: tusupbekova98@inbox.ru

Сагинов Қайрат Мырзабаевич
Доктор Ph D, физикалық және экономикалық
география кафедрасының аға оқытушысы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Андапта

Бұл мақалада автор қазіргі білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім беру тәжірибесін қарастырады. Мақала инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі артта қалған оқушылардыңбейімделу, танымдық қабілеттерін қалыптастыру мәселелеріне арналған. Оқушылардыңоқу жағдайларына бейімделу танымдық қабілеттерін дамыту өте күрделі процесс болып табылады, оған ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардыңбейімделу, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту кіреді. Бейімделу оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі мәселелерді шешуді қамтиды.

***Түйінді сөздер:** интеграция,ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар, танымдық қабілеттер, адаптивті оқыту, географиялық әдістер, ақыл-ойы тежелген оқушылар.*

Аннотация

В данной статье автор рассматривает опыт инклюзивного образования в современной системе образования. Статья посвящена вопросам формирования адаптивных познавательных способностей учащихся с задержкой развития в условиях инклюзивного образования. Адаптивность учеников к обучению и развитие их познавательных навыков является сложным процессом, к нему входит развитие у детей с особыми образовательными потребностями таких навыков, как: адаптивность, мышление, принятие. Адаптивность включает в себя решение основных проблем в обучении и воспитании.

***Ключевые слова:** интеграция, учащиеся с особыми образовательными потребностями, познавательные способности, адаптивное обучение, географические методы, умственно отсталые учащиеся.*

Abstract

This article, the author examines the experience of inclusive education in the modern education system. The article is devoted to the problems of the formation of adaptive cognitive abilities of students with lagging development opportunities in the conditions of inclusive education. The development of cognitive abilities of students to adapt to learning conditions is a very complex process, which includes the development of adaptive, thinking, and perceptual abilities of students with special educational needs. Adaptation involves solving the main problems in training and education.

Key words: *integration, students with special educational needs, cognitive abilities, adaptive learning, geographical methods, students with mental retardation, special pedagogy, special psychology.*

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі-білім беруге жалпыға бірдей қол жетімділіктің гуманистік принципі, яғни білім беру жүйесі оқушылардың дамуы мен дайындығының деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделуі керек. Барлық балаларға білім беру мүмкіндіктерін беру идеясы, қабілеттер мен мүмкіндіктердің, мәдениеттің немесе әлеуметтік мәртебенің айырмашылығына қарамастан, адам санасына көбірек енеді. Осындай балалар оқу тәрбие үдерісіне толық қанды мүше ретінде қатыстыру міндеті гуманистік педагогиканың және инклюзивті білім берудің басты миссиясы болып келеді.

Инклюзивті білім адамның айрықша құндылығына, оның бірегейлігіне, лайықты өмір сүру құқығына, физикалық немесе психикалық жағдайына қарамастан қазіргі өркениеттің барлық құндылықтарына ие болуға негізделген гуманистік идеялардың дамуының нәтижесі болып табылады. Алайда, қазіргі жағдай мемлекетке әлеуметтік қорғалмаған және ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сапалы білім алу үшін тең қатысуға және тең мүмкіндіктер беруге мүмкіндік бермейді.

Шет елдерде ерекше білім беруді қажеттілігі бар балаларға білім беруді жүзеге асырудың кең таралған тәсілдерінің қатарына мыналар жатады: білімге қол жетімділікті кеңейту, негізгі ағым, интеграция, инклюзия. Оқытудың бұл тәсілі коммуникативті мотивацияны арттыруға және ізгілендіруді дамытуға ықпал етеді. Интеграция білім беру процесінің сәйкес келмейтін жағдайларын ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуға қажетті білім алуға ықпал етеді.

АҚШ-та ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың көпшілігі жалпы мектептерде білім алады. 2000-2018 жылдар аралығында дені сау балалармен бос уақытын өткізетін ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың пайызы 47% – дан 63% – ға дейін өсті. Ал оқушылардың 71%-ы толық орта білім туралы әдеттегі аттестат алды [3, б.18]. АҚШ-тағы инклюзивті білім беру жүйесі келесідей дамиды: ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы жалпы білім беру мекемесіне қабылдау кезінде психологтар, педагогтар және әлеуметтік қызметкерлер оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін, білім беру нәтижелеріне қол жеткізу әдістерін анықтайды. Сонымен қатар, Финляндияда 2010 жылдан бастап ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдаудың үш деңгейлі жүйесі нормативті түрде бекітілген. Бірінші деңгейде мұғалім жүзеге асыратын мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпы қолдау көрсетіледі. Әсер ететін проблемаларды жою жеткіліксіз болған жағдайда білім беру процесінің тиімділігі, баланы қарқынды қолдау жүзеге асырылады.

Кең ауқымды деңгейде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру 2011 жылдың басы және бүгінгі таңда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Біздің елімізде әдіснамалық негіздер әзірленіп, ресурстық орталықтар құрылып, жалпы орта білім беру практикасына енгізілді. Инклюзивті білім беруді дамытудың теориялық-әдіснамалық және ұйымдастырушылық-технологиялық негіздерінің қалыптасуы мен дамуына қазақстандық ғалымдар: А.М. Ерсарина, З. А. Мовкебаева, И. Г. Елисеева, Р. А. Сүлейменова және т. б. елеулі үлес қосты [4, б.12-17]. Ғалымдар өз еңбектерінде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері мен тұжырымдамалық тәсілдерін ашады. Біздің зерттеу аясында арнайы педагогика бойынша ресейлік ғалымдардың ғылыми зерттеулері ерекше қызығушылық тудырады К. А. Семенова, И. А. Камаев, Г.В.Никулина, В. П. Соломин, М. А. Позднякова, П. В. Романов, Е.С.Слюсарева Ю.В.Шумиловская [4, б.54-57]. Бұл бағытта қазақстандық ғалымдардың еңбектері де аса құнды: Б.С. Халыкова, В. В. Бобров, И. А. Каткенов А. К Жалмухамедова және т. б.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беруді жүзеге асырудың психологиялық аспектілері қазақстандық психологтардың – М.С.Искакова, А.Н. Алмагамбетова, Ж.И. Намазбаева және т. б. жұмыстарында қарастырылды. [2, б. 280]. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды медициналық-әлеуметтік қолдау мәселелері мынадай ғалымдардың жұмыстарында қаралды: А. Баранов, Ю. Н. Барашнев, Е. С. Бондаренко, У. И. Ауталипова, Э. А. Баженова, В. Ю. Альбицкий, С. Х. Галиева, В. Н. Бондарь, В. Н. Гудонис, В. Навицкиене, В. А. Доскин, Л. А. Ермолина, Л. З. Казанцева, Е. А. Стребелева, Ю. Н. Баранов, Р. Б. Кенжегулова, Г. И. Бондаренко, Р. Ж. Мұхамедрахимов, П. В.Новиков, Г. М.Касымова, З. Б. Ракишева, Л. О. Сәулебекова, Д. Р. Качурина, Б.Д. Тастанбеков, А.А.Катаева,

Ш.Н.Хусаинова және басқалар. Онда әртүрлі пәндік сала мамандарының инклюзивті білім беру проблемаларын шешудің кешенді тәсілі арқылы медициналық-психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық көмек мәселелері ашылады. Алайда жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқытудың көптеген проблемалары теориялық тұрғыдан да шешімін таппаған. Соныдықтан қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқытудың қажеттілігі мен оның педагогикалық ерекшеліктерін айқындамағандығы, халықаралық тәжірибеге шолу мен талдау жасалмағандығы қарама-қайшылықты туындатады. Бұл қарама-қайшылық жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың педагогикалық ерекшеліктері неде деген проблеманы тұжырымдауға мүмкіндік жасайды. Қазақстанда қазіргі заманғы арнайы білім беру жүйесі жаңару мен модернизацияның күрделі кезеңін бастан өткеруде, бұл жаңа идеяларды іздеу, дамуында ауытқулары бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеудегі принциптер мен тәсілдерді қайта қарау мәселелерін өзектендіреді. Бұл мәселелерді шешу арнайы білім беру жүйесінің барлық мамандарын біріктіруді талап етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы арнайы педагогикасының перспективалық бағыттарының бірі инклюзивті оқыту мәселелерін әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады. ресми статистикалық деректерге қарағанда, елемізде ерекше білім беру қажеттілігі бар 139 887 жан бар. Олардың 95 % (яғни 133 467- сі) – мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарындағы балалар. Ал 2 900-і колледждерде, 3520-сы жоғары оқу орындарында оқиды. Осыған байланысты, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына ерекше білім беру қажеттілігі, арнайы кадрлармен қамтамасыз етілуі, түзету-педагогикалық қолдау сапасы, қалалық аудандық мектептердің салыстырмалығы туралы деректер толық зерделенбеген және тиісті шешімдерді талап етеді [5, б.7-10].

А. К. Құсайынов, А. Х. Арғынов, Р. А. Жұмақанова бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балалардың Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерге интеграциясы мүлтіксіз орындалады, яғни бірқатар объективті факторлармен байланысты деп есептейді [5, б.120]:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру ұйымдарының болмауы немесе болмауы (әдетте шағын қалалар мен ауылдық жерлерде);

- ата-аналардың балалармен мектепке барудан бас тартуы. Бұл арнайы білім беру мекемесінің отбасының тұрғылықты жерінен қашықтығы, балаларды оларға апарудың қиындығы; баланы арнайы мектеп-интернаттарға жібергісі келмеуі және оны отбасынан тыс қалдырғысы келмеуі; [5, б.64]

Ғалымдарының еңбектерінде психологиялық-педагогикалық қолдау идеялары, атап айтқанда Л.В. Байбородова, Н.Г. Битянова, О. С. Газман, И. В. Дубровина, С. В. Дудчик, Е. И. Казакова, Н. В. Ключева және т. б. жалпы мағынада сүйемелдеу балаға туындаған қиындықтарды жеңуге, білім беру процесін ұйымдастыруда кездесетін өзекті қайшылықтарды шешудің жолдарын іздеуде, әр түрлі профильдегі мамандардың командалық жұмысымен қамтамасыз етілген өмірлік таңдаудың әр түрлі жағдайларында субъектінің оңтайлы шешімдер қабылдауы үшін үздіксіз зерттеу, қалыптастыру және жағдай жасау процесі ретінде сипатталады.

Мәскеу қалалық психологиялық-педагогикалық университетінің интегративті (инклюзивті) білім беру институтының директоры С. В. Алехина жүргізген зерттеулерде қазіргі уақытта Ресейде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің үш тәсілі қолданылатындығы атап өтілді [6, б.92]:

1. Сараланған білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін жекелеген білім беру ұйымдарында сөйлеу, есту, көру, тірек-қимыл аппараты, интеллект, психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін ұйымдастырылады.

2. Интеграцияланған білім беру-бұл жалпы білім беру ұйымдарының жекелеген сыныптарында (топтарында) мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру.

3. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру дамуында кемістігі жоқ балалармен бірге жалпы білім беру ұйымының сыныбында (тобында) жүзеге асырылады. [6, б. 65]

Қазіргі уақытта Қазақстанда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жалпы инклюзивті білім берудің үш негізгі моделі қолданылады:

1) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың сараланған тәсіліне негізделген медициналық модель (сегрегация). Осы модель шеңберінде білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін жекелеген білім беру ұйымдарында денсаулық ерекшеліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін ұйымдастырылады.

2) Ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеретін арнайы педагогикалық әдістер арқылы жалпы ағымға тарту мақсатында балаларды ерекше білім беру қажеттіліктері мен интеграциялау және оларды жалпы білім беру жүйесіне бейімдеу негізінде қалыпқа келтіру моделі.

3) Білім беру ортасының өзін инклюзиялау және бейімдеу және білім беру бағдарламасы мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктері бойынша оқыту әдістемесін түзету арқылы әлеуметтік модель.

Әрбір мектеп мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктері негізінде оқытудың әртүрлі модельдерінің өзгермелі арақатынасын пайдалана отырып, жалпы инклюзивті білім берудің өзіндік моделін әзірлейді:

- сүйемелдеу негізінде толық нысанда интеграцияланған оқытудың оқу моделі;
- сүйемелдеу негізінде біріктіру бойынша оқытудың оқу моделі;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды үздіксіз интеграциялауды оқытудың оқу моделі.
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың эпизодтық немесе ішінара интеграциясына негізделген уақытша интеграция жүйесінің оқу моделі.

Шетелдік және қазақстандық тәжірибені талдау нәтижесінде біз жоғарыда қарастырылған модельдерден басқа қазақстандық мектептерде ерекше білімді беру қажеттілігі бар балаларға арналған бейімдеу моделін ұсынамыз. Осы моделдің пайдалану өзектілігі ерекше білімді қажет ететін балаларды бейімдік оқыту теориясы аясында тұлғалық бағдарлы, құндылық бағдарлы және құзыреттілің тәсілдемелер негізінде жүзеге асырылуын қарастырдық.

Бейімдік оқыту жүйесін жүзеге асыру барысында мұғалім мен оқушылардың білім беру процесінің жаңа заманауи талаптарына бейімделу мәселесін зерттеуді мақсат еттік. Бейімдік оқыту жүйесі білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделуді қамтамасыз ететін және оқушыларды білім арудың дербес процесіне қосу кезінде заманауи талаптарға жауап беретін, яғни оқу іскерлігі мен ойлау дағдыларын дамыту үшін оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейтін оқыту тәсілі ретінде қарастырылады.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде дамуында ауытқулары бар балаларды оқытуда, мәселен, жеңіл деңгейдегі дебилдік диагнозы бар балаларды оқытудың тиімді модель ретінде «Ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеретін арнайы педагогикалық әдістер арқылы жалпы ағымға тарту мақсатында балаларды ерекше білім беру қажеттіліктерімен интеграциялау және оларды жалпы білім беру жүйесіне бейімдеу негізінде қалыпқа келтіру моделі» және «Білім беру ортасына оқушыны бейімдеу және білім беру бағдарламасы мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктері бойынша оқыту әдістемесін түзету арқылы әлеуметтік моделін» бейімдеп оқыту теориясымен интеграциялау негізінде біз ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды бейімдік оқыту моделін ұсынып отырмыз.

Бейімдік оқыту моделі ерекше білімді қажет ететін, сонын ішінде, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың дене және (немесе) психикалық дамуындағы кемшіліктерді түзетуді қамтамасыз етуге және осы санаттағы, балаларға негізгі жалпы білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге көмектесуге бағытталған кешенді бейімделінген оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үдерісі ретінде қарастырылады.

Модельді жүзеге асыру барысында ең басты рөлдерді мұғалім мен оқушы атқарады, сонымен қатар басқа да білім беру субъектілері қатысады: ата-аналар, тьютор, әлеуметтік, педагог, логопед, медик, психолог және т.б.

Бейімдік оқыту моделі психологиялық-педагогикалық қолдау аясында келесі үш кезең және компонент арқылы жүзеге асырылады:

- бала дамуының диагностикасы (психикалық, тұлғалық, әлеуметтік);
- түзету-дамыту бағыттылығының жеке және топтық сабақтарының бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру;
- білім беру ортасын баланы оқыту мен дамыту және бағалау жүйесі арқылы оның даму деңгейін бағалауға қоятын талаптары көзқарасы тұрғысынан талдау (Сурет 1).



Сурет 1—«Бейімдік оқыту моделі»

Бірінші кезеңінде оқушылардың жалпы білім беру дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық диагностикасы бағалау арқылы жүргізіледі. Біздің зерттеу нысаны бойынша 7 сыныпта оқитын жеңіл деңгейдегі дебиьдік диагнозы бар балаларды ПМПК диагностикасы негізінде жалпы білім беретін мектептерге қабылданады. Жалпы білім беретін мектептерде аталған оқушыларға инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір тұтас әрекеттерінің барысында әрбір баланың білім беру-тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек (немесе қолдау) көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің екі бағытын көрсетуге болады: өзекті – балада осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған; перспективалы – оқуда болуы мүмкін ауытқуларды ескеру және алдын алуға бағытталған.

Екінші кезеңде балаларға түзету-дамыту бағыттылығының жеке және топтық сабақтарының бағдарламалары бейімделеді және іске асырылады. 7 сынып география пәнінің оқу бағдарламасын жеңіл деңгейдегі дебиьдік диагнозы бар балалаға бейімдеу негізінде инклюзивті оқыту процесі жүзеге асырылады. Инклюзия кез-келген баланың білім алу қажеттіліктеріне бейімделген моральдық, материалдық, педагогикалық ортаны қалыптастыра отырып, мектептің барлық әлеуметтік процестерін қамтиды. Мұндай қолайлы жағдайлар тек ата-аналар мен тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен командалық өзара әрекеттестігінде ғана жасалуы мүмкін. Бұл жағдайда барлық балалар оларға табысты болуға, осы қоғамда қауіпсіздікті және өз орнын сезінуге мүмкіндік беретін қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Оқыту процесін жүзеге асыру барысында психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ахуал құруды және балаларға таңдау жағдайын ұсынуды білдіреді. Мұндай жағдайлар ерекше білімді қажет ететін оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ, рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді.

Дамуында тежелу бар оқушыларды оқыту үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың келесі қағидаларын ескердік:

- 1) бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдері.
- 2) білім беру үдеріндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі.
- 3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру.
- 4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау.

5) даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық- педагогикалық қолдау шараларына ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту болып табылады.

География пәні мұғалімі мектеп психологі, тьютор мен басқа да мамандармен бірлесіп бала дамуының ерекшеліктеріне, сондай-ақ ПМПК ұсынымдарына сәйкес оқушыны қолдаудың бағыттылығы, қарқыны және ұзақтығын анықтады. Бұл қолдау қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді уақытқа жоспарланды. Қысқа мерзімді қолдау оқуда шамалы және уақытша қиындықтары бар, логопедпен, психологпен түзету сабақтарының қысқа мерзімді кезеңін көрсетіледі (жарты жылға дейін). Орташа мерзімді қолдау арнайы дайындалған педагогтар мен мамандардың қарқынды қолдауын қажет ететін және дамуындағы ерекшеліктерге байланысты оқуда тұрақты қиындықтарға кездесетін оқу іс-әрекеті ұйымдастырылды. Оқушының дамуындағы проблемалар бастауыш сатыда жойылмаған кезде олар білім алуды сынып жағдайында және оқытудың келесі сатыларында жалғастырулары жоспарланып жеке оқу маршруты анықталып ұзақ мерзімді қолдау іске асырылады.

Бейімділік оқыту әдістемесі негізінде тізбектелген география сабақтарын жоспарлап жеңіл деңгейдегі дебильтік диагнозы бар балалардың таным процестерін дамытуға бағытталды. Ақыл-есі кем мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру жалпы және арнайы педагогика теориясы мен практикасының әрдайым өзекті және сонымен бірге ерекше күрделі мәселесі болып қала береді. Бұл мәселенің үлкен танымдық және практикалық маңыздылығы оның оң шешімі аномальды баланы әлеуметтендіру мен еңбекке бейімдеу тиімділігін одан әрі арттыруға тікелей жол ашатындығымен анықталады. Бұл мұғалімдер мен дефектолог – психологтардың зерттеулерінде қарастырылып отырған мәселеге байланысты мәселелер әрқашан ерекше назар аударатындығын түсіндіреді. Көптеген ғалымдардың ғылыми ізденістерінің нәтижесінде ақыл-есі кем баланың танымдық іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері анықталды. Осылайша, оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесін зерттеудің теориялық алғышарттары жасалды. Көптеген авторлардың зерттеулерінде белгілі бір жағдайларда ақыл-есі кем балалардың кемшіліктері белгілі бір дәрежеде түзетіліп, өтелетіні анықталды. Сонымен қатар, бұл жерде шешуші рөл баланы практикалық іс-әрекетке тарту болып табылады. Атап айтқанда, бірқатар авторлар ойын әрекетінің үлкен түзету мәнін көрсетеді. Мамандардың пікірінше, баланың ойынында, мінез-құлық қиялдағы жағдайға бағынатын кезде, іс-әрекеттің әртүрлі белгілері ерекше айқын көрінеді, бұл олардың одан әрі дамуы психикалық қызметтің басқа, күрделі түрлеріне көшуге негіз болады.

Жеңіл формадағы дебильтік диагнозы бар 7 сынып оқушыларын географияны оқыту барысында әр түрлі әдістер мен әдістерді қолдану арқылы, оқушылардың танымдық белсенділігін, оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырып оқыту сапасының деңгейі арттыру мақсатында бейімдік оқыту әдістемесі жүзеге асырылды. География оқу пәні ретінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру үшін шексіз мүмкіндіктер береді.

7 сынып география сабақтарында оқушылардың танымдық үдерісін дамытудың негізгі дидактикалық және әдістемелік шарттары ретінде келесі шарттарды ұсынамыз:

- Оқушылар меңгерген білім мен дағдылардың сапасын тексерудің әртүрлі формаларын қолдану.
- Сабақтарда түзету және дамыту жаттығуларын қолдану.
- География сабақтарында алынған білім мен дағдылардың теориялық маңыздылығы мен практикалық маңыздылығына оқушылардың назарын аудару.
- Мұғалімнің мектеп оқушыларына деген достық қарым-қатынасы, олармен сенімді қарым-қатынас, диалогқа бейімдеу.

География сабақтарындағы оқушылардың ақыл-ой белсенділігі көбінесе мұғалімнің оқу материалын қалай ұсынатынына және оқушылардың оқу іс-әрекетін қалай ұйымдастыратынына байланысты. Оқу іс-әрекетіне деген көзқарасты қалыптастыруда зерттелетін материалдың мазмұны, оның жаңашылдық дәрежесі маңызды. Танымдық белсенділікті белсендірудің тиімді әдісі-оқушылардың зерттелетін құбылыс пен ғылыми тұжырымдама туралы идеялары арасында қайшылықтар тудыру. Өңгімелесу кезінде мұғалім оқушының ой-өрісін оятып, оның танымдық іс-әрекетін дамытатын сұрақтар қоюы керек.

Ақыл-ойы тежелген ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқыту барысында география сабақтарында экскурсия, табиғаттағы объектілерді бақылау мен зертханалық тәжірибелер елестету және қиялдау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқушылардың өткен тәжірибесін жандандырады, балалардың күнделікті бақылаулары мен ұсыныстарын нақтылайды, бұл олардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға және ойлауды дамытуға ықпал етеді. Бірақ табиғатқа нақты экскурсия ұйымдастырып, балаларға белгілі бір алыс объектілерді бақылауды қамтамасыз ету әрдайым мүмкін емес. Пәндік-бейнелік көрнекілік (нақты объектілер, олардың макеттері, иллюстрациялардағы суреттер) ақыл-есі кем оқушылардың географиялық көріністерін қалыптастыруда таптырмас нәрсе. Ең

түрлі-түсті және бейнелі әңгіме, объектінің сипаттамасы бірнеше рет визуалды қабылдаусыз түзету мекемелерінің оқушыларында бұл туралы дұрыс түсінік бермейді. Компьютерлік технологиялар мұғалімге планетаның кез-келген жеріне, тіпті ғарышқа сырттай экскурсия ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар көрнекіліктің жетіспеушілігін керемет түрде өтейді: кітапта немесе журналда табылған ең кішкентай сурет үлкен, түрлі-түсті және ақпараттық сипатқа ие болады, ал анимация эффектілері оқушылардың назарын сабақ материалына аударады, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, визуалды бейнелерінің көріністерін қалыптастыруға, олардың айрықша ерекшеліктерін нақтылауға ықпал етеді.

7 сынып география сабақтарында дидактикалық ойындар қарапайым (бұл жұмбақтар, жұмбақтар, кроссвордтар, чинвордтар және т.б.) және күрделі (географиялық лото, сандық диктант, биологиялық және экологиялық міндеттер, сұрақ-жауап және т. б.) болып екіге бөлінеді. Ойындар сынып оқушыларының назарын жаңа материалға аудару үшін немесе сабақтың ортасында қайталау ретінде сабақтың басында өткізілуі мүмкін. Бірақ мен көбінесе сабақтың соңында өткен материалды бекіту үшін ойындарды қолданамын. Осылайша, ойын оқушылардың танымдық белсенділігіне, олардың эмоционалды саласына белсенді әсер етеді, орындалатын жұмысқа оң көзқарас тудырады, жалпы өнімділікті жақсартады, бір материалды монотондылық пен зеріктірусіз қайталауға мүмкіндік береді. Әр түрлі ойын сәттері есте сақтау, ойлау, зейін, сөйлеу, ерік-жігерді дамытуға көмектеседі.

Сонымен, қорыта келе, мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға негізгі жалпы білім берудің бейімделген базалық білім беру бағдарламасы олардың жалпы мәдениетін дамытуға бағытталған, бұл олардың жеке тұлғасының (адамгершілік, эстетикалық, әлеуметтік-тұлғалық, интеллектуалдық, физикалық) адамгершілік және әлеуметтік-тұрмыстық талаптарға сәйкес жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. 7 сыныпта оқитын жеңіл формадағы дебильтік диагнозыбар оқушыларды бейімдік оқыту моделін жүзеге асыру нәтижесінде баланың табысқа жету жағдайын жасаумен ұштастыра отырып, әртүрлі оқу іс-әрекет түрлеріне қосылуы негізінде оқушылардың танымдық қабілеттері дамиды. Әрине, бұл мұғалімнен осындай баланың ерекшеліктерін білуді, мықты жақтарын табуды және оның білім берілуіне қажеттіліктерін жүзеге асыру мүмкіндігін талап етеді. Географиялық білім беру барысында ақыл-ойы кем балаларға таныту, үйрету машақаттың машақаты, оған шыдамды төзім, оқушыларға деген махаббат, азаматтық парыз, имандылық, парасаттылық қалыптастырылады. Олардың түсіну, ұғыну, есінде сақтау, ойлау қабілетінің және тілінің бұзылғандығы оларды ақыл-ойы жетілген балалардан айырып тұрады. Жетістікке қол жеткізу үшін мұғалім алдында отырған шәкірттерінің мінез-құлқын, сана сезімін, жетілу дәрежесін, танымдық процестерінің (қабылдау, зейін, қиял, ес, ойлау) дұрыс қалыптасқандығын қадағалап отыру керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алехина С.В. Инклюзивное образование: от политики к практике // Психологическая наука и образование. 2016. Том 21. № 1. С. 136–145. doi:10.17759/pse.2016210112.
2. Исакова А.Т., Мовкебаева З.А. и др. Основы инклюзивного образования: Учеб. пособие. – Алматы, 2013. -280 б.
3. Лиходедова Л.Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы («Білім» мамандықтары тобына арналған оқу құралы). – Қарағанды, 2020. 27 б.
4. Сулейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования Республики Казахстан // Открытая школа. – №7. – сентябрь, 2017 Доскин В.А. Основы ранней реабилитации детей с отклонениями в развитии // Российский Вестник 1998. – Т.43. -№4. -6.54-57. 47.
5. Кусаинов А.К., Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования: методическое пособие. – Алматы: ROND&A, 2018. 64 – 120 б.
6. Алехина С.В./ Организация специальных образовательных условий для детей с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательных учреждениях: Методические рекомендации / Отв. ред. С.В. Алехина. Авт. Самсонова Е.В. – М.: МГППУ, 2012. 65 – 92 б.
7. Г.Д. Хакимжанова, А.А. Айдарбекова, «Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы», Алматы, 2001ж. 8-10бет
8. <https://bilimger.kz/14014/>